

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 94 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 82 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 мамырда № 27962 болып тіркелді

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 94 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4103 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы";

көрсетілген қаулының кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы 7) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 1, 3 қосымшалары алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшері

№	Қызмет атаулары	Өлшем бірлігі	Пайдалану уақыты	Тарифтер мөлшері, теңге
1	2	3	4	5
1	Көлік тұрақтарын ұсыну	1 бірлік	1 тәулік	176
2	Туристік құрал-жабдықтар беру, оның ішінде: 1) туристік палаткалар	1 бірлік	1 күн	665
	2) жатын қапшықтармен жабдықталған туристік палаткалар	1 бірлік	1 күн	1 500
3	Мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер беру, оның ішінде: 1) монша (1-6 адам)	1 бірлік	1 сағат	2 136
	2) киіз үйлер	1 бірлік	1 тәулік	10 206
	3) тұрмыстық заттармен жабдықталған (ыдыс-аяқ, төсек орындар) киіз үйлер	1 бірлік	1 тәулік	20 000
	4) тапшандар (1-6 адамға дейін)	1 бірлік	1 тәулік	5 000
	5) тұрмыстық заттармен жабдықталған тапшандар (ыдыс-аяқ, төсек орындар, 6 адамнан көп)	1 бірлік	1 тәулік	6 000
	6) кемпинг (ағаш үйлер) (4 адамға дейін)	1 бірлік	1 тәулік	12 000
	7) 6 адамдық кемпинг (вагон-үй)	1 бірлік	1 тәулік	8 550
	8) жақсартылған жағдаймен			

	салқындатқыш, жылыту құрылғылары бар б адамдық кемпинг (вагон-үй)	1 бірлік	1 тәулік	11 000
4	Көрсетілетін көлік қызметтерін, сондай-ақ мініс малын уақытша иеленуге және пайдалануға беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну, оның ішінде: 1) қар шанасы	1 бірлік	1 сағат	3 500
	2) квадроцикл	1 бірлік	1 сағат	3 500
	3) моторлы қайық (1 адам)	1 бірлік	1 сағат	1 820
	4) моторлы қайық (4 адам)	1 бірлік	1 сағат	7 277
	5) газель NEXT	1 бірлік	1 сағат	8 000
	6) мініс ат	1 бірлік	1 сағат	1 850
5	Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу	1 адам	1 тәулік	195
6	Қызметтер: 1) жол серіктер, экскурсия ұйымдастырушылар, жол нұсқаушылар, кино, бейне және фото таспаларына түсіру	1 топ (20 адамға дейін)	1 күн	6 540
7	Туристік соқпақтар, тамашалау алаңдарын, демалу алаңқайларын ұсыну*	1 адам	1 күн	100

Ескерту: * көрсететін қызметтер үшін келесі жеңілдіктерді қарастырады:

-мектеп жасына дейінгі балаларға – тегін;

-мектеп жасындағы балаларға – 50%;

-күндізгі маусымдағы студенттерге - 25%.